

"Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына өзгеріс енгізу турал

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 14 қаңтардағы № 4 қаулысы

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 26 желтоқсандағы № 03-10-715 ұсынысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы № 334 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4539 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2025 жылғы "14" қаңтардағы
№ 4 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің
2013 жылғы "23" қазандағы
№ 334 қаулысына қосымша

Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізе отырып белгіленген карантиндік аймақ

№	Әкімшілік-аумақтық бірлік атаулары	Барлық залалданған аумақ, гектар	Оның ішінде карантиндік объектілердің түрлері бойынша, гектар			
			жатаған (қызғылт) кекіре	арам сояулар	калифорниялық қалқаншалы сымыр	қауыншыбыны

1.	Арал ауданы	85,5	7,5	0	5	73
2.	Қазалы ауданы	262,505	4	30,005	8,5	220
3.	Қармақшы ауданы	370,75	15	227,25	8,5	120
4.	Жалағаш ауданы	827,02	40	611,02	9	167
5.	Сырдария ауданы	377	30	174	5	168
6.	Шиелі ауданы	828	75	85	8	660
7.	Жаңақорған ауданы	1153	35	753	10	355
8.	Қызылорда қаласы	99,9	0	71,9	11	17
Барлығы		4003,675	206,5	1952,175	65	1780

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК